

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ
«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
АҚ ФИЛИАЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ**

***“Сюжеттік-рөлдік ойын
және оның мектепке дейінгі
білім беру мекемесінде
алатын орны”***

***Орындағандар:
Уленбаева А.Б., Садирова К***


Алматы, 2017 жыл

Жобаның өзектілігі

Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыру мектепке дейінгі мекемелердің алдына қойлып отырған басты міндеттердің бірі. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі балаларда бұл міндеттерді шешуде, өмір дағдыларын қалыптастыруда сюжеттік-рөлдік ойынның маңызы зор.

Мақсаты

*Сюжеттік-рөлдік ойын
арқылы баланың бойында
тапқырлық, белсенділік,
шығармашылық, ойлау
қабілеттерін қалыптастыру*

- 
- *Баланың ой белсенділігін, саналы ойлана білуін дамыту-жетілдіру.*
 - *Ойын технологиясының элементтерін пайдалана отыра сөздік қорын дамыту*
 - *Ойын элементтері арқылы шығармашыл тұлғаны қалыптастыру*

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тиімді қолданылған ойын түрлері — тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы балалар жас ерекшеліктеріне байланысты сюжеттік-рөлдік ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады.

*Теориялық және практикалық
маңыздылығы*

Сюжеттік-рөлдік ойын арқылы бала неге үйренеді?

- * Қисынды ой-қабілетін дамытады;
- * Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
- * Сөздік қоры байиды, тілі дамиды;
- * Зейіні қалыптасады;
- * Байқампаздығы артады;
- * Өзара сыйластыққа үйренеді;
- * Сабаққа қызығушылығы артады.



**Ойды алға
жетелейді**

**Сөздік қорын
дамытады**

**Тапқырлыққа
жетелейді**

**Сөздік
қорын
арттыр
ады**

**Сюжеттік
-рөлдік
ойын**

**Еңбекке
баулид
ы**

**Баланың
ойлау
қабілетін
оятады**

**Қиындықта
жеңуге
баулиды**

**Баланың
шығармашы
лық
қабілетін
оятады**

«Аурухана» сюжеттік-рөлдік ойыны.

Бағдарламалық мазмұны:

Балалардың дәрігер мамандығы жайлы білімдерін кеңейту:.

Медициналық терминдермен балалардың сөздік қорын кеңейту.

Топтарда ойынды ұйымдастыруға үйрету барысында достық қарым-қатынасты нығайту. Рөлдерге өз қалауларымен бөлуді үйрету.

Ұжымдық ойында басқарушылық іскерліктерін қалыптастыра отырып, бірлестікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу



«Шаштараз» сюжеттік-рөлдік ойыны.

Мазмұны: 1. Шаштараз мамандығы жайлы балалардың білімдерін кеңейту. 2. Шаштаразшылардың құралдары жайлы білімдерін тиянақтау 3. Шаштараз мамандығын меңгерген адамдарға қызығушылықтарын арттырып, еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу.



«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны.

Мазмұны:

1. «Сатушы» мамандығы бойынша жұмыс істейтін адамдар жайлы балалардың білімдерін кеңейту. Еңбектің мәні туралы ойларын толықтыру.
2. 2. Ойын барысында сатушы мамандығы жайлы балалардың білімдерін тиянақтау.
3. 3. Ойынды рөлдерге бөліп ойнауға үйрету. Ойын барысында балалардың арасындағы жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.
4. 4. Балалардың сатушы



«Отбасы» сюжеттік-рөлдік ойыны.

Бағдарламалық мазмұны: Балаларды тәрбиешінің көмегімен отбасы өмірі туралы сюжеттік ойындарға қатыстыру, балалардың отбасы мүшелерін атау, олардың атқаратын жұмыстары туралы білімдерін кеңейту, баланың үйдегі орны туралы түсініктерін қалыптастыру, баланы үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту, өзі туып-өскен үйін, отбасын сүйуге, үлкендерге көмектесуге, олардың өтініштері мен тапсырмаларын орындауға тәрбиелеу. Ата-ананың, туысқандарының еңбегін ойын арқылы көрсету, олардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Ойын барысында балалардың тілдерін дамыту, оларды өз еркімен рөлдерді бөліп ойнауға үйрету. Атрибуттар: қуыршақтар (түрлі киімдерде), ойыншықтар, кітап және газеттер, бөлме жасауға арналған ширма, жиһаз, ыдыстар, жіп және қыстырғыштар, сөмке, қуыршаққа арналған коляска, ілгіш, теледидар, т.б.

Қатысушылар: әке, шеше, балалар, ағалары және әпкелері.

«Құрылысшы» сюжеттік-рөлдік ойыны.

Бағдарламалық мазмұны:
Балалардың құрылысшы мамандығы туралы білімдерін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту барысында мамандыққа байланысты білімін тереңдету және қызығушылығын ояту, үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Құрылыс алаңдарына саяхат арқылы өз қаласы туралы білімдерін кеңейту. Атрибуттар: каскалар, құрылыс саймандары, бас киім, бағдаршам, жол белгілірі, құрылыс машиналары: краз, самосвал, т.б. Сөздік: құрылысшы, мамандық, ұста, жүргізуші, қабат, бетон, ғимарат, экскаватор. Қатысушылар: құрылысшылар, инженер, т.б.



Күтілетін нәтиже

Балалардың өзіндік өмірлік тәжірибесін, олардың ой-өрісін, әлеуметтік өмірге қызығушылығын, өмір жайлы түрлі білімдерді кеңейту негізінде сюжеттік-рөлдік ойындардың мазмұны, сюжеттің ауқымы және рөлдермен байыта отырып, жағдай жасалады. Ойын - бала әрекетінің бір түрі, адамзат мәдениетінің қазынасы. Ұлы педагогтер, ғалымдар баланы тәрбиелеудегі ойын рөлін жоғары бағалаған. Бала ойын арқылы өмірге енеді, табиғатпен, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі, атын – түсінігін арттырады, еңбек ете білу дағдысы қалыптасады

Қорытынды

Қорыта келгенде- оқу үрдісінде сюжеттік-рөлдік ойындарды қолданудың маңызы өте зор. Сюжеттік-рөлдік ойынға тек ойын деп қарамай халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қарау керек.

Оны тиімді пайдалану ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде әсерлігін, тартымдығын күшейтеді, балалардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

**Назарларыңызға
рахмет!!!**

